

ӘОЖ 318

## АҚШ-ИРАК ҚАҚТЫҒЫСЫ

**Каирбек Жадыра Галымқызы**

[zhadrakairbek@mail.ru](mailto:zhadrakairbek@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің  
Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

### **Коннект-талдау.**

**Кіріспе:** Осы талдауда біз АҚШ-Ирак қақтығысын осы процеске қатысатын тараптар арасындағы байланыстарды анықтау арқылы реттеу мәселесін қарастырамыз. Жанжал 2003жылы басталды және бүгінгі күнге дейін әлі де өзінің қандай да бір шешімін таппады.

## Тарихи дискурс

АҚШ пен оның одақтастарының Иракқа басып кіруі-Саддам Хусейннің диктатурасын құлату мақсатында 2003 жылы қабылданған АҚШ пен оның Одақтас елдерінің Иракқа қарсы әскери операциясы. Ирак армиясына қарсы соғыс 20 наурызда басталып, 9 сәуірде АҚШ әскерлері Ирак астанасы Бағдадты басып алған кезде аяқталды. 1 мамырда АҚШ президенті Джордж Буш белсенді шайқастардың аяқталғанын жариялады.

20 наурызда АҚШ-тан шамамен 157 982 солдат пен офицер, 45000 Британдық әскер, 2000 австралиялық солдат және 194 поляк жауынгері Кувейтке басып кіру үшін жіберілді. Шабуыл күштерін күрд милициясы да қолдады, ал олардың саны 70 мыңнан асады.

Аз ғана шығындармен АҚШ әскерлері 21 күнде елдің ең ірі қалаларын бақылауға алды.

Негізі,әскери іс-қимылдардың басталуының ресми себебі режимнің халықаралық терроризммен, атап айтқанда "Аль-Каида" қозғалысымен байланысы, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын іздеу және жою болды. 2004 жылғы қазан айындағы тексеру Иракта жаппай қырып жою қарулары табылмағанын жариялаған болатын. Саддам Хусейн АҚШ-қа қарсы террористік шабуылдарды жоспарлай бастады,бірақ соғыстан кейін 1991 жылға дейін жасалған химиялық қару снарядтары және оны шығаратын зауыттар табылды(айта кететін болсақ, Саддам Хусейн олардың бәрін 1991 жылдан кейін жою керек еді).

Сондай-ақ, шабуылдың мақсаттарының бірі Ирак мұнайын бақылау болды деген пікірлер де айтылды. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, АҚШ-Ирак қақтығысының негізгі себептерін келесідей көрсетуге болады:

**Саяси:**АҚШ барлау қызметкерлерінің Иракта жаппай қырып-жою қаруын жасырын әзірлеудің дәлелдемелерін табуын пайымдауы; Ирактың БҰҰ ҚК-нің резолюцияларын бұзуы; Ирактың террористтік ұйымдармен байланысы бар деген негіздері.

**Территориялық:** Ирак территориясында мұнайдың көптігі,Таяу Шығысты өзіне бағындыруға тырысуы

Иә, БҰҰ-ның қарарлары бұзылды, дегенмен, БҰҰ Жарғысына сәйкес, тек БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі және басқа ешкім осыған араласпайды.

Бұл жағдайда Америка Құрама Штаттарының әрекеттері рұқсат етілмеген және БҰҰ санкциясы жоқ санатына жатқызылуы мүмкін.

Дегенмен, 2004 жылы маусым айында АҚШ қорғаныс министрі Дональд Рамсфелд Wall Street Journal-да Ақ үй Иракта бейбітшілік пен тәртіпті қалпына келтіруге, сондай-ақ осы ел үшін саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеуді қамтамасыз етуге ниеттенген қағидалар тізімін көрсеткен болатын.

Негізгі қағидалары :

➤ Ирак терроризмді қолдамайтын, көршілерін немесе әлемді жаппай қырып-жою қаруымен қорқытпайтын, өзінің көпұлтты халқын террормен қорқытпайтын біртұтас мемлекет болуы керек;

➤ Елде азшылықтарды,кедейлерді құрметтейтін және қорғайтын үкімет болуы керек;

➤ Сонымен қатар,нарықтық экономика арқылы адамдарға өркендеуге қол жеткізуге, ал тәуелсіз сот жүйесі мен заңның үстемдігі арқылы әділеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін үкімет болуы тиіс.

Бірақ,6 желтоқсанда 2006 жылы наурызда американдық Конгресс құрған Иракты зерттеу тобы Президент Дж. Бушқа дайындаған баяндамада Ирактағы жағдай "өте ауыр", "үлкен апатқа әкелуі мүмкін жалпы хаос қаупі бар"делінген. Құжатта Буштың Ирактағы саясаты "жұмыс істемейді"деп көрсетілген. Комиссия Вашингтон әкімшілігіне егжей-тегжейлі ұсыныстар берді, оның пікірінше, оны жүзеге асыру елдер арасындағы жағдайды жақсартуға ықпал етуі мүмкін. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

➤ Ирактың бірлігі мен аумақтық тұтастығын қолдау

➤ Кейбір көрші елдердің "тұрақсыздандырушы әрекеттерін" тоқтату

➤ Ирак шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

➤ Ислам мемлекеттері тарапынан Иракқа жан-жақты көмек көрсету мақсатында кең "жаңа дипломатиялық шабуыл" жасау ұсынылады.

Осы шараларды іске асыру үшін Иракқа жәрдемдесудің арнайы халықаралық тобын құру ұсынылады, оның құрамына көрші елдер, Египет, Парсы шығанағының Араб мемлекеттері, БҰҰ ҚК-нің бес тұрақты мүшесі, Еуроодақ және бірқатар басқа елдер кіруі қажет болатын. Иран мен Сирияның Ирак мәселелерін реттеуге қосылуға ерекше көңіл бөлінді.

### **Реттеуге қатысушы елдердің ұстанымдары мен мүдделері**

#### **Польша**

АҚШ-тың Иракқа қатысты саясатын белсенді қолдаушылардың бірі Польша болды. Варшава Ауғанстанда қызмет еткен элиталық Гром бөлімшесінен командирлерді Парсы шығанағына жіберді. Поляктардың ең үлкен әскери кемесі де (контр-адмирал Хавиер Черницкий) қақтығыс аймағына жіберілді. Оның тікұшақ алаңы, жанармай айдау және ашық теңізде қайта тиеу мүмкіндігі болды, басқа кемелер үшін өрт сөндіру жүйесімен жабдықталған, командалық функцияларды орындай алды. Өзін АҚШ-тың аймақтағы басты одақтасы ретінде көрсету үшін Польша Вашингтонға тек әскери ғана емес, сонымен қатар дипломатиялық қолдау көрсетті.

#### **Таяу Шығыс елдері**

Американдықтар Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка нарықтарын жаулап алу үшін Саддам Хусейннің ерекше әскери қабілеті туралы айта отырып, Таяу Шығысты өзіне бағындыруға тырысқан «араб Гитлерінің» бейнесін бере бастады. Шыны керек, кейбір жағдайда американдықтар кейде асыра сілтеп жіберді. Бірақ бұл оларға тек оң әсерін тигізді. Себебі, Израиль мен Кувейт «Ирак қатеріне» қарсы тұру үшін қаруды жаппай сатып алуға, сондай-ақ өзінің Таяу Шығыстағы орнын, позициясын нық сақтап отыруға мәжбүр болды.

Бірақ, бұл Джордж Буш-қа жеткіліксіз болды. Ол өзінің Таяу Шығыстағы одақтастарын «ирактық қауіптің» сөзсіз екендігіне сендіруге, Парсы шығанағы елдері мен Түркияны Иракқа қарсы әскери шабуылға қатысуға көндіруге тырысты, бірақ бәрі сәтсіз болды, Американың жоспарларын тек Таяу Шығыстың екі мемлекеті қолдады: Кувейт пен Израиль. Қалғандары американдықтарға сенбеді немесе өздерінің экономикалық және әскери шығындарынан қатты қорқады, өйткені олар Саддам Хусейнді биліктен кетіруге болатынына мүлдем сенбеді.

#### **ТМД елдері**

Бұл қақтығыс ТМД-ға да әсер етті. Олар АҚШ-ты қолдады:

Әзірбайжан, өзінің әуе кеңістігін беруге келіскен және әскери инфрақұрылым беруге дайын екенін мәлімдеген.

Грузия, химиялық қорғаныс батальонын жіберуге шешім қабылдаған.

Украина, химиялық қорғаныс батальонын жіберуге шешім қабылдаған.

ТМД-ның қалған елдері (Иракты қолдаған Беларусьсияны қоспағанда) ресми түрде бұл қақтығысқа араласқан жоқ.

#### **Ислам мемлекеттерінің позициясы**

Исламдық мемлекеттердің ұстанымына келетін болсақ, олар «Ирак пен кез-келген басқа мұсылман мемлекетінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған кез-келген әскери іс-қимылға қатыспайды» деп мәлімделді.

Бірақ, сонымен бірге Парсы шығанағы аймағының бірнеше елдерінің, сондай-ақ Ислам Конференциясы Ұйымының мүшесі болып табылатын Түркияның территорияларында Иракқа қарсы белгілі бір дәрежеде қолданылған американдық әскерлер мен әскери базалар болды.

Сауд Арабиясы АҚШ-қа елдің солтүстігінде Иракқа жақын екі аэродромды - Арар және Сакаке қалаларында пайдалануға рұқсат берді.

#### **Ресей**

2003 жылы 20 наурызда Ресей президенті Владимир Путин АҚШ пен Ұлыбритания қарулы күштерінің Иракты бомбалауының басталуына байланысты Кремльдегі кездесуде мәлімдеме жасады. Владимир Путин мәлімдемесінде Иракқа қарсы әскери әрекетті үлкен саяси қателік деп атады. Ресей Федерациясының Президенті Иракқа қарсы әскери операциялар

«әлемдік қоғамдық пікірге қайшы, халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларына және БҰҰ Жарғысына қайшы» жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

### **Франция,Германия**

Олар Ирак мәселесін шешуге және тексерулерді жалғастырудың пайдасына күш қолдану тәсіліне үнемі қарсы болды. Сонымен қатар, Франция мен Германия АҚШ-тың Ирактағы операцияға НАТО күштерінің әскери қолдау көрсету туралы өтінішін қарауына жол бермеді.

Америка Құрама Штаттары олардың өз позицияларын өзгерту үшін Франция мен Германия үшін бар мүмкіндіктерді пайдалануға тырысты. Қысым құралы ретінде АҚШ Конгресі осы елдерге қарсы экономикалық санкциялар қолдану және Германия территориясынан американдық бөлімшелерді шығару мүмкіндігін қарастырды. Сонымен қатар, Францияның НАТО шеңберіндегі шешімдер қабылдау процесінен шығарылуы ұсынылды.

### **Пәкістан**

Буш әрі қарай жүріп, Иракқа қарсы соғыста Ирак армиясымен бірдей әскери әлеуетке ие Пәкістаннан көмек сұрады.Тек Пәкістанда ғана ядролық қаруы болды.Бірақ Пәкістанның әскери үкіметі Иракқа қарсы коалиция - ойластырылмаған және Пәкістанға тек кері әсерін береді деп санап, қатысудан бас тартты.

### **Анализ бөлімі**

Қақтығысты шешуге қатысушы тараптар арасындағы қатынастарды талдау барысында байланыстар мен өзара іс-қимылдар келесі тақырыпшалар бойынша анықталды:

- 1 - халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимыл;
- 2 –шарттар мен келісімдер арқылы өзара әрекеттесу;
- 3 – қару-жарақпен қамтамасыз ету;
- 4 - қайшылықтар;
- 5 - өз мүдделеріне сай әрекет ету.

**Бірінші критерий.** Халықаралық ұйымдар шеңберінде бұл проблеманы шешу үшін бірнеше отырыстар өткен болатын.

➤ 2004 жылдың 22-23 қарашасында Шарм-эш-Шейхте (Египет) өткен Ирак проблемасына арналған халықаралық конференция осының дәлелі. Оған қатысушылар - Ирак, көршілес елдер - Сауд Арабиясы, Кувейт, Иран, Түркия, Сирия және Иордания,Египет, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бес тұрақты мүшесі(АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Қытай), «Үлкен Сегіздік», Еуропалық Одаққа мүше елдер, Араб мемлекеттері лигасы (LAS), Ислам Конференциясы Ұйымы.Олар Ирак мәселесінің ерекше өзектілігін растай отырып, Ирактағы және оның айналасындағы жағдайды қалыпқа келтіру үшін барлық күш-жігерін салатындықтарын мәлімдеді.

➤ 2005 жылы 22-23 маусымда Брюссельде Ирак проблемасы бойынша кезекті халықаралық конференция өткізілген. Оның қатысушылары, олардың арасында БҰҰ Бас хатшысы К.Аннан болды, «халықаралық қауымдастықты Ирактағы жағдайды тұрақтандыруға, сондай-ақ оны қалпына келтіруге үлес қосуға итермелеу» мақсатын қойды.

➤ 2005 жылғы 19-21 қарашада Араб Лигасының қолдауымен Каирде (Египет) Ирактың барлық заңды қоғамдық және саяси күштерінің қатысуымен Иракаралық кездесу өтті.

Оған қатысушылар барлық кездескен кедергілерді еңсеруге және бар проблемаларды шешуге көмектесу үшін ел ішіндегі сенімділікті қалпына келтіруге ниет білдірді.

### **Екінші критерий.**

➤ 2004 ж 28 сәуір келісімі. 28 сәуірде американдықтар Фаллужа ақсақалдарымен жағдайды реттеу туралы келісімге қол қойды. Келісімде АҚШ-тың күштерін қаладан шығару және қаланы бақылау және Иракқа ең белсенді көтерілісшілердің кіруіне жол бермеу үшін Ирак бригадасын (1100 адам) құру көзделген.

➤ 2005 ж 22-23 маусым келісімі. Ирак пен АҚШ арасындағы американдық әскерлердің орналасуы, олардың қызметі және Ирактан кету туралы келісім.

#### **Үшінші критерий.**

➤ 2003 ж 11 сәуірде рейдтерге 13 стратегиялық бомбардировщик қатысты. Бұл тұста, Ұлыбритания АҚШ –ты әскери-теңіз күштерінің жалпы саны 280 кеме және 90-нан көп әуе күштерінің ұшақтарымен қамтамасыз етті.

➤ Әзірбайжан, өзінің әуе кеңістігін беруге келісіп, әскери инфрақұрылым беруге дайын екенін мәлімдеген.

➤ Поляктар АҚШ-ты ең үлкен әскери кемесімен қамтамасыз етті.

#### **Төртінші критерий.**

➤ **Ресей-АҚШ.** Ресей АҚШ-тың Иракқа қарсы әскери әрекетті үлкен саяси қателік деп жариялады.

➤ Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания Қауіпсіздік Кеңесінде өздері әзірлеген тиісті қарар бойынша дауыс беруді жоспарлады, бірақ Ресей, Қытай және Франция Иракқа қарсы күш қолдануға жол беретін ультиматумы бар кез-келген қарарға veto қоятындықтарын мәлімдегендіктен бас тартты.

➤ **Франция-АҚШ.** Франция Иракқа қарсы күш қолдану тәсіліне үнемі қарсы болды. Сонымен қатар, Франция АҚШ-тың Ирактағы операцияға НАТО күштерінің әскери қолдау көрсету туралы өтінішін қарауына жол бермеді.

➤ **АҚШ-Бельгия.** БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Ирактағы алдағы іс-шараларға арналған отырыстарында Бельгия АҚШ-қа қарсы шығып, Иракты қолдайтының айтты. Осы қарсаңда Джордж Буштың елшісі Минскіге келіп, Беларусь президенті Александр Лукашенкодан Иракқа басып кіруді қолдауды сұрады. Алайда, ел билігі Хусейнге қарсы тұрудан тағы да бас тартты.

➤ Швейцария коалициялық күштердің ұшақтарының ұшып өтуіне тыйым салды, Швейцарияда орналасқан және соғысып жатқан мемлекеттерге әскери техникалар шығаруды көздейтін компанияларға лицензиялық процедураны енгізді, өйткені бұл мүлік Ирактағы соғыста қолданылуы мүмкін еді.

#### **Бесінші критерий.**

➤ Американдықтар Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка нарықтарын жаулап алу үшін елдер арасында Саддам Хуссейнді «араб Гитлері» деп сылтау таратуы.

➤ АҚШ өзінің жеке мақсатына қатысты, яғни Ирак мұнайын игеру үшін БҰҰ рұқсатынсыз соғыс ашуы.

**Қорытынды.** Парсы шығанағы аймағындағы әскери-саяси жағдай соңғы жылдары қатты шиеленісіп келеді. Мемлекетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық қайшылықтар, бірқатар мемлекеттердегі ішкі саяси шиеленістер, аймақты милитаризациялау, исламдық фундаменталистердің, әртүрлі экстремистік ұйымдар мен топтардың белсенді қызметі шиеленістің артуына жағдай жасады.

Ұзақ уақыт бойы АҚШ Ирак пен көршілес елдерге бақылау орнату үшін саяси, дипломатиялық, экономикалық, әскери, ақпараттық және басқа сипаттағы әртүрлі шараларды жүзеге асырды.

Бір қарағанда, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің болуы жанжалды шешуге оң әсер етуі керек. Алайда, бұл тек теория жүзінде ғана. Іс жүзінде Қауіпсіздік Кеңесі көптеген қайшылықтарды реттеу кезінде бірыңғай және өзара қолайлы шешімге қол жеткізе алмайтындығын бірнеше рет көрсетті. Сонымен қатар, жағдай медиаторлардың өздері арасындағы әлемдік деңгейдегі қатынастардың нашарлауымен ушығып отыр. Халықаралық аренадағы қарама-қайшылықтар, жалпы мәселелердегі әртүрлі ұстанымдар – Ирак-АҚШ қақтығысын шешу процесін баяулатқан болатын.

Талдау нәтижесінде, елдердің қарама-қайшы ұстанымдарының, сондай-ақ олардың арасындағы көптеген күрделі қатынастардың болуына байланысты бұл конфликт нақты шешілмеген болып қалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. АҚШ Сыртқы істер министрлігі- <https://www.state.gov/#:~:text=Michael%20R.%20Pompeo,-United%20States&text=Mike%20Pompeo%20was%20sworn%20in,President's%20chief%20foreign%20affairs%20adviser>.
2. Ресей Сыртқы істер министрлігі- <https://www.mid.ru/ru/home>
3. Ирак Сыртқы істер министрлігі- <https://www.mofa.gov.iq/ministry-departments>
4. БҰҰ сайты- <https://www.un.org/en/>